

- 11 SHul'zhenko A.V. Problemy podgotovki specialistov v oblasti fizicheskoy kul'tury i sporta https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=2277 (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 12 Petrov P.K. Sistema podgotovki budushchih specialistov fizicheskoy kul'tury v usloviyah informatizacii obrazovaniya: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk: 13.00.01, 13.00.04: Izhevsk, 2003 <http://www.dslib.net/obw-pedagogika/sistema-podgotovki-buduwih-specialistov-fizicheskoy-kultury-v-usloviyah.html> (data obrashcheniya: 15.12.2021).
- 13 SHCHennikova M.YU., Petrov S. I. Podgotovka kadrov dlya sporta: sovremennoe sostoyanie i napravleniya razvitiya // Uchenye zapiski universiteta im. P.F. Lesgafta. – 2017 <https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-kadrov-dlya-sporta-sovremennoe-sostoyanie-i-napravleniya-razvitiya> (data obrashcheniya: 12.12.2021).
- 14 Masyagina N.V. Principy podgotovki kadrov dlya fizkul'turno-sportivnoj otrasli v sisteme dopolnitel'nogo obrazovaniya Rossijskoj Federacii // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2013. – № 6.; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=11384> (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 15 Kurdyukov B.F., Bojkova M. B., Vyatkina YU.YU., Kurdyukova E.A. Modernizaciya sistemy vuzovskoj podgotovki kadrov dlya sfery fizicheskoy kul'tury i sporta // Fizicheskaya kul'tura, sport – nauka i praktika. - Iyunya 2016 <http://sportfiction.ru/articles/modernizatsiya-sistemy-vuzovskoj-podgotovki-kadrov-dlya-sfery-fizicheskoy-kultury-i-sporta/> (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 16 Mustafaev M.E. Nekotorye problemy kadrovogo obespecheniya uchrezhdenij fizicheskoy kul'tury i sporta na primere sverdlovskoj oblasti https://clar.urfu.ru/bitstream/10995/58639/1/978-5-7996-2289-3_2018_30.pdf (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 17 Adamskij N.V. Orientiry razvitiya fizkul'turnogo obrazovaniya v SSHA // Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. I. Gercena. – 2006 <https://cyberleninka.ru/article/n/orientiry-razvitiya-fizkulturnogo-obrazovaniya-v-ssha> (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 18 Nikolaeva N. Akademiya sporta SSHA // Teoriya i praktika fizicheskoy kul'tury. - 21 Noyabrya. – 2007 <http://sportfiction.ru/articles/akademiya-sporta-ssha/> (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 19 Efremenkova I.A., Dazhdomirova I.V., ZHarova O.YU. Zarubezhnye sistemy podgotovki kadrov v oblasti fizicheskogo vospitaniya: opyt Velikobritanii. <https://naukarus.com/zarubezhnye-sistemy-podgotovki-kadrov-v-oblasti-fizicheskogo-vospitaniya-opyt-velikobritanii> (data obrashcheniya: 11.12.2021).
- 20 Bondarenko M.P., Zubarev YU.A., Karpov V.YU., Kalinin A.D. Podgotovka sportivnyh menedzherov za rubezhom // Vestnik RMat. – 2016. <https://cyberleninka.ru/article/n/podgotovka-sportivnyh-menedzherov-za-rubezhom> (data obrashcheniya: 14.12.2021).
- 21 Kulumbetova D.B., YAlfimov E.S. Upravlenie razvitiem fizicheskoy kul'tury i sporta v respublike Kazahstan // Vestnik kazahsko-russkogo mezhdunarodnogo universiteta. – 2014. Aktyubinsk <https://articlekz.com/article/20633> (data obrashcheniya: 08.12.2021).
- 22 Informacionno-analiticheskij obzor k proektu zakona Respubliki Kazahstan «O vnesenii izmenenij i dopolnenij v nekotorye zakonodatel'nye akty Respubliki Kazahstan <https://senate.parlam.kz/storage/abb3819f40414f2a8bc7c0c570a81007.pdf> (data obrashcheniya: 13.12.2021).
- 23 Orynbekyz A. Osnovnye zadachi respubliky Kazahstan v podgotovke budushchego pedagoga fizicheskogo vospitaniya//Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. – 2018 <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-zadachi-respubliki-kazahstan-v-podgotovke-budushchego-pedagoga-fizicheskogo-vospitaniya> (data obrashcheniya: 18.12.2021).
- 24 Abil'dina S.K., Sarsekeeva ZH.E. Professional'naya podgotovka budushchego uchitelya v sisteme vysshego obrazovaniya respubliky Kazahstan // Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij. – 2015. – № 12-6. – S. 1114-1116; URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=8095> (data obrashcheniya: 18.12.2021).

Автор для корреспонденции (первый автор)	Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Куспанов Нурбол Сагиндыкович – докторант, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан</p> <p>e-mail: Kuspanov_82@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5286-6370</p>	<p>Куспанов Нурбол Сагиндыкович – докторант, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан</p> <p>e-mail: Kuspanov_82@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5286-6370</p>	<p>Kuspanov Nurbol Sagindykovich – doctoral student, Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan</p> <p>e-mail: Kuspanov_82@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5286-6370</p>

¹Бахтиярова С.Ж. , **²Айtenова Э.А.**, **²Сматова К.Б.**, **³Жаксылыков Е.Х.**

¹Жеңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

³М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ОЛИМПИДАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна, Айтеннова Эльмира Абдикалиевна, Сматова Клара Бегалиевна, Жаксылыков Ергазы Хайроллиевич

Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру жүйесі

Аңдатпа. Мақалада жоғары білім беру жүйесінде «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлауда олимпиадалық білім беру жүйесін ұйымдастыру тәжірибесі берілген. Олимпиадалық білім берудің әртүрлі нысандарын, құралдарын және әдістерін тәжірибеге енгізу, олимпиада идеяларымен, құндылықтарымен таныстыру, олимпиадалық білімді арттыру, «дене шынықтыру және спорт» мамандарын дайындауға арналған оқу жоспарында олимпизмнің таралуына ықпал ету жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде олимпизм идеяларын жүзеге асыру тәжірибесі берілген. Осылайша, бұл мақала еліміздегі олимпиадалық білім беруді жаңғыртудың нағыз бастамасы болды. Себебі олимпиадалық білім беру жүйесін құру құрылымдық тұрғыдан мүмкін және Қазақстанның барлық оқу орындарын қамтуға қабілетті, ал олимпиадалық білім беру құралдарын пайдалану ескелең ұрпақты шынайы олимпиадалық құндылықтар – құрмет, достық, кемелділікке ұмтылу рухында оқыту мен тәрбиелеудің нақты мүмкіндігін қалыптастырады.

Түйін сөздер: олимпиада ойындары, олимпиадалық білім беру, олимпиадалық білім беру құралдары, дене шынықтыру және спорт.

Bakhtiyarova Sayagul Zhaksybaevna, Aitenova Elmira Abdikalievna, Smatova Klara Begalievna, Zhaxylykov Yergazy Khayrolievich

The system of organization of olympic education in the training of specialists of physical culture and sports

Abstract. The article presents the experience of organizing the Olympic education system in the training of specialists in «physical culture and sport» in the higher education system. The ways of introducing various forms, means and methods of Olympic education into practice, introducing them to the ideals and values of Olympism, improving Olympic knowledge, promoting the spread of Olympism in training programs for specialists in «physical culture and sports» are outlined. The experience of implementing the ideas of Olympism at the M.Utemisov West Kazakhstan University is also presented. Thus, this article was the real beginning of the modernization of Olympic education in the country. Because the creation of an Olympic education system is structurally possible and capable of covering all educational institutions in Kazakhstan, and the use of Olympic education creates a real opportunity to educate and educate the younger generation in the spirit of genuine Olympic values - respect, friendship, striving for excellence.

Key words: olympic games, olympic education, means of olympic education, physical culture and sports.

Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна, Айтеннова Эльмира Абдикалиевна, Сматова Клара Бегалиевна, Жаксылыков Ергазы Хайроллиевич

Система организации олимпийского образования в подготовке специалистов по физической культуре и спорту

Аннотация. В статье представлен опыт организации системы олимпийского образования в подготовке специалистов по физической культуре и спорту в системе высшего образования. Изложены пути внедрения в практику различных форм, средств и методов олимпийского образования, приобщения к идеалам, ценностям олимпизма, повышения олимпийских знаний, содействия распространению олимпизма в учебных программах подготовки специалистов по физической культуре и спорту. А также представлен опыт реализации идей олимпизма в Западно-Казахстанском университете им. М. Утемисова. Таким образом, эта статья стала реальным началом модернизации олимпийского образования в стране. Как известно, создание системы олимпийского образования структурно возможно и способно охватить все учебные заведения Казахстана, а использование средств олимпийского образования формирует реальную возможность обучения и воспитания подрастающего поколения в духе подлинных олимпийских ценностей – уважения, дружбы, стремления к совершенству.

Ключевые слова: олимпийские игры, олимпийское образование, средства олимпийского образования, физическая культура и спорт.

Зерттеудің өзектілігі. Ел дамуының ерекше белгілерінің бірі – спорт саласындағы жетістік болмақ. Ендеше, еліміз егемендік алғалы Әлемдік ареналарда жеңіп алған жүлделер елдің мерейін үстем етуге септігін тигізетіні шындық. Спортшыларымыз халықаралық ірі додаларда топ жарған кезде бөркімізді аспанға атып қуанатынымыз осының дәлелі. Ендеше, тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан сәл ғана асқан ел үшін спорт саласындағы бүгінгі жетістіктеріміз аз емес.

Спорттың ең биік шың – Олимпиада ойындарының дүбірлі додасына әлемнің әр түкпірінен келген мыңдаған спортшы дәл осы биікті бағындыру үшін барын салады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болған 30 жыл ішінде ел спортшылары едәуір жетістікке жетті. Олимпиада ойындары мен әлемдік додаларда көк туымыз сан мәрте желбіреп, әнұранымыз шырқалды, рухымыз асқақтай түсті.

Олимпиадалық білім беруді енгізудің өзектілігі бірнеше ондаған жылдар бойы Олимпиада ойындарында қол жеткізген спорттың жоғары дамуы мен білім беру үдерісінде жастар арасында олимпиадалық идеалдар мен құндылықтарды жүзеге асырудың төмен деңгейі қарама-қайшылығынан туындап отыр. Қазіргі жастардың көз алдымызда болып жатқан олимпиада қозғалысы, қазіргі заманғы олимпиадалық қозғалысының даму тарихы, Қазақстан Республикасындағы олимпизм құндылығы туралы теориялық білім деңгейлері жеткіліксіз.

Зерттеу мәселесі. Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласындағы қызмет үшін мамандар даярлау жүйесі әр елдегі білім берудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты жаңа буынның білім беру стандарттары бойынша «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлауда халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыс саласындағы сауаттылықты көздейтін арнайы курстарды таңдау және түзету қажеттілігі туындайды.

Осы жайттардан кейін елімізде жастарды олимпизмнің гуманистік идеалдарымен және құндылықтарымен таныстыру мәселесін шешуде табыстар әлдеқайда аз қарастырылғанын көруге болады. Осылайша, бүгінгі күні Қазақстан Республикасында «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлаудың олимпиадалық білім беру жүйесі деп аталатын олимпиадалық қозғалыс, Олимпиада ойындары туралы білімдерді тарату жүйесін ұйымдастырудың өткір қажеттілігі бар. Оның маңызды міндеттерінің қатарында бала-

лар мен жастардың бойында ізгі мінез-құлық принциптерін қалыптастыру, дене және рухани қабілеттердің үйлесімді дамуына ұмтылу болып табылады. Осы тұрғыда елдегі спортқа қызығушылықты арттыруға дәстүрлі үлес қосатын «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа формасын, құралдары мен әдістерін іздестіруді қажет етеді.

Бұл мәселені шешуге олимпиадалық білім беру ықпал етеді, оның мақсаты балалар мен жастарды олимпизмнің рухани-адамгершілік мұраттары мен құндылықтарына тарту болып табылады. Аталған олимпизм және олимпиадалық қозғалыс саласындағы білім беру жүйесі болашақ «дене шынықтыру және спорт» мамандарының олимпиадалық сауаттылығын ашудың ажырамас бөлігі болып табылады [1].

Олимпиадалық білім беруді кеңейту және жандандыру қажеттігі туралы соңғы жылдары қабылданған көптеген халықаралық ресми құжаттар да бар. Солардың ең негізгі Олимпиада ойындарының заңнамасы ретінде танылған олимпиадалық Хартияда Халықаралық олимпиада комитеті мен Ұлттық Олимпиада комитеті жастардың олимпиадалық тәрбиесіне, олимпиаданың іргелі принциптерін ілгерілетуге, мектептер мен жоғары оқу орындарында дене шынықтыру мен спорт оқу бағдарламаларында олимпиаданың таралуына ықпал ету үшін қолдан келгеннің барлығын жасауы керектігін ерекше атап көрсетеді [2].

Олимпиадалық білім, ең алдымен, спортты дамытудың жоғары деңгейі мен жастардың олимпиадалық қозғалыс саласындағы білімді игеруінің төмен деңгейі арасындағы қайшылықты шешудің құралы ретінде пайда болғанын атап өткен жөн. Бұл қайшылық Париждегі XI Олимпиада конгресінде (1994), сондай-ақ Лозаннадағы Халықаралық Олимпиада комитетінің 110-сессиясында (1999) белсенді талқыланды.

Олимпиадалық білім сонымен қатар дене тәрбиесінің өзекті мәселелерінің бірі – жастардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған [3].

Дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауда олимпиадалық білім беру жүйесін ұйымдастыру бойынша өз зерттеулерінің барысында және осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді зерттеу негізінде білім берудің жүйелі түрде жинақталған нәтижелер келтірілген.

Зерттеу мақсаты. Жоғары білім беру жүйесінде «дене шынықтыру және спорт» маманда-

рын даярлауда олимпиадалық білім беру жүйесін ұйымдастыру тәжірибесін ашу.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеуде жүргізілген жұмыстар мен алынған мәліметтер олимпиадалық білім беру негізінде дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауды қамтамасыз етеді.

Зерттеу әдістері. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, салыстыру және синтез.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қазіргі таңда педагогиканың тұрақты дамуына байланысты түрлі елдер ғалымдарының күш-жігерінің арқасында олимпиадалық білім берудің тұжырымдамалық тәсілдері қалыптасуда, ұлттық білім беру жүйесіне олимпиадалық білім беруді енгізудің әртүрлі үлгілері пайда болуда, түрлі оқу эксперименттері жүргізілуде, олимпиадалық оқулықтар мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттер шығарылуда.

1979 жылы Ұлттық Олимпиадалық комитеттер қауымдастығының (ҰОКК) Бас Ассамблеясында Мальта Ұлттық Олимпиадалық комитеті олимпиадалық идеяны әлемдік деңгейде зерттеуді бастауыш мектептерден бастап университеттерге дейінгі барлық деңгейдегі мектеп бағдарламаларына енгізуді ұсынды [4].

Әрине, олимпиадалық білім берудің шектеулі тақырыбы, кейбір мамандардың пікірінше, олимпиадалық пәннің төңірегінде білім беру, оқыту, сауықтыру, ғылыми-зерттеу құрамдастарын қамтитын және өз үлесін қосатын дәйекті білім беру жүйесін құруға мүмкіндік бермейді. Оған тәрбиелік, оқыту, сауықтыру, зерттеу компоненттері кіреді және білім берудің әр деңгейінің негізгі білім беру міндеттерін жүзеге асыруға, білім беру стандарттарына негізделген дағдыларды, құзыреттерді меңгеру және сонымен бірге салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді [5].

Практикалық тәжірибені талдау және студенттік жастардың білім беру процесіне олимпиадалық қозғалыс мәселелерінің құндылықтарын жаппай енгізу олимпиадалық білім беру бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеумен қатар дене шынықтыру және спорт мамандарын арнайы даярлау талап етілетінін көрсетті. Қазіргі уақытта барлық жоғары оқу орындарында «дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламаларына «Олимпиадалық білім беру» курстары енгізілмегеніне көз жеткіздік.

Біздің тәжірибемізде жоғары білім деңгейінде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «дене шынықтыру және спорт»

мамандығы студенттерінің оқу процесінде «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні енгізілді. Сонымен қатар «Дене шынықтыру тарихы» пәні шеңберінде студенттердің спорттық жетілуі, әртүрлі спорт түрлеріндегі қабілеттерін дамыту мақсатында жүзеге асырылатын жеңіл атлетика, шаңғы спорты, гимнастика, баскетбол, волейбол сияқты спорт түрлерінің олимпиадалық тарихымен танысумен бірге бағдарламаның бөлімдерін оқытуды ұйымдастыру дене шынықтырудың жеке қасиеттерін қалыптастырудағы, салауатты өмір салтына белсенді енгізудегі, жеке денсаулығын нығайтудағы және сақтаудағы рөлі мен маңызын түсіну деңгейін көтеруге бағытталған.

«Олимпиадалық білім беру» пәнінің оқу тақырыптық жоспары мазмұнын 3 модуль бойынша қарастырдық.

1 модульде «дене шынықтыру және спорт» мамандарына ежелгі олимпиада ойындарын сипаттауға, эллиндердің өміріндегі ойындардың ерекше маңыздылығы туралы қорытынды жасауға, ежелгі гректердің дүниетанымын түсіндіруге және оны қазіргі заманмен салыстыруға мүмкіндік беретін жағдай жасалады. Дене шынықтыру және спорт мамандарының бойында ежелгі Грециядағы олимпиада ойындарының пайда болу және даму тарихы туралы идеяларды қалыптастыру үшін жағдай жасалып, ежелгі және қазіргі уақытта Олимпиада ойындарын өткізудегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауды үйренеді. Мамандар ежелгі алғашқы олимпиада ойындарының пайда болуы туралы біледі, алған білімдерін теориялық және практикалық тұрғыдан бекітуге мүмкіндік алады.

2 модульде мазмұнында «дене шынықтыру және спорт» мамандары олимпиадалық қозғалыс пен олимпиада ойындарының пайда болуымен, бүкіл әлем халықтары қатысатын адамдардың дене жетілуі үшін бейбіт жарысымен танысады, олимпиада ойындарының рәміздері туралы білімдерін, жазғы және қысқы спорт түрлері туралы білімдерін бекітеді. Спортшыларымыздың жетістігі мен спортпен шұғылдануға деген мақтаныш сезімін қалыптастырады.

3 модульде мамандардың бойында олимпизм идеяларын түсіндіру және насихаттау білігі орын алады. Қазақстандық тәуелсіз елдің ұрпағына олимпиадалық қозғалыстың мәні туралы негізгі білімді қалыптастыру, оның негізгі түсініктерін ашу, олимпиадалық спорт пен олимпизмнің құндылық рөлі туралы түсінігі жолдары қарастырылады. Сонымен қатар мамандар олимпиадалық білім беру мазмұнын

мектептерде, оқу процесі кезінде олимпизм, олимпиадалық қозғалыс идеяларын бірінші кезекте жаңартылған білім мазмұнында дене шынықтыру сабақтарында, дене тәрбиесі сабақтарында түсіндіру жөніндегі жұмыстарды игереді. Болашақ «дене шынықтыру және спорт» мамандары тәжірибесінде олимпизм идеяларын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу үшін түрлі әдістемелік материалдарды меңгереді.

«Олимпиадалық білім беру» пәнінің дәрістер кешені оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес құрылды, жүйелілігі қалыптасқан, мазмұны логикаға сәйкес, болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының бірінші кезекте дене шынықтыру және спорт саласымен тікелей байланысты оқу пәндері шеңберіндегі заңдылықтары мен принциптері нақты ашылған, алған білімді тәжірибелік тұрғыда байланыстыру бірлігі сақталған. Теорияда алған білімдерін практикамен байланыстыру оқытушының жетекшілігімен жүзеге асты. Дәріс сабақтары сынып-сабақ түрінде, көрнекілік әдісін, ұсынылатын ақпаратты (мультимедиялық презентацияны, бейне көрсету) пайдалана отырып жүргізіледі.

Олимпиадалық білім бойынша практикалық сабақтар – олимпиадалық білім оқу материалын игеру жоғары эмоционалды деңгейде танымдық ойындар, олимпиадалық тестілеу, олимпиадалық терминдер сайысы, олимпиадалық викторина жарысы түрінде өткізілді. Студенттер бұл сабақтарда қазіргі заманғы олимпизмнің жүйелі білімін, оның принциптері мен құндылықтарын, қазіргі қоғамдағы рөлін игеру процесі мен нәтижесін меңгерді, олимпиадалық білім бойынша сауаттылығын арттырды.

Олимпиадалық білім беру бойынша жүргізілген оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысында студенттер олимпиада тақырыбына байланысты жағдаяттарды талдау, кейс-стади әдісі, пікіралмасу, сөзжұмбақтар шешу, шешімдер қабылдау тәсілдері арқылы теориялық олимпиадалық білімдерді бекітіп, олимпиадалық қозғалыс шеңберінде мамандардың олимпиадалық мәдениетін қалыптастыру және дамыту жүзеге асты.

Олимпиадалық білім беру бойынша жүргізілген студенттің өзіндік жұмысы кезінде олимпиада тақырыбындағы әдебиеттермен жұмыс, олимпиадалық терминология, сөзжұмбақтар шешу түрінде, эссе, презентациялар дайындау және қорғау, олимпиадалық сабақтар мазмұнын құрастыру сияқты әрекеттермен айналысты. Олимпиадалық қозғалыс шеңберіндегі жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен

таныстыруға бағытталған педагогикалық қызметті сипаттау үшін әртүрлі ұғымдарды түсінуі жүзеге асты.

Аталған бағыттың маңызды білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретінін

«Олимпиадалық білім» пәнін оқыту аясында «Қазіргі олимпиадалық қозғалыстағы допингпен күрес», «Қазіргі Қазақстандағы халықаралық олимпиадалық қозғалыстағы «Fair Play», «Коммерцияландыру және халықаралық спорт», «Қазақстанда олимпиадалық білім беру бағдарламасын қалыптастыру», «Қазақстанның «Олимпиада үміттері» тақырыптарында өз жұмысымызда бірқатар іскерлік ойындарды ұйымдастыруды көздедік. Іскерлік ойындардың негізгі мақсаттары студенттерді олимпиадалық қозғалыстағы «Fair Play» спортқа деген оң көзқарасын қалыптастыру, «Fair Play» қағидаларын ұстануға ынталандыру, қазіргі заманғы халықаралық спорт қозғалысын коммерцияландыру мәселесімен таныстыру, балалар мен жастарға олимпиадалық білім берудің «олимпизм рухында», «олимпиадалық идеалдар мен құндылықтар рухында», «олимпизм қағидаларын сақтау рухында» тәрбиелеуге ынталандыру, дене шынықтыру мен спортты, олимпиадалық білім беруді дамыту бойынша жалпы білім беру мекемесінің қызметін жандандыру, өскелең ұрпақты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеу жүйесін қарқынды қайта құру. Сондай-ақ, іскерлік ойынның артықшылықтарының бірі ұжымдық оқыту әдісі екенін атап өткен жөн, өйткені шешім іздеу жеке топтың пікірін қорғауда да, басқа топтардың шешімдерін сынға алуда да ұжымдық түрде жүзеге асырылады.

Осылайша, «Олимпиадалық білім беру» пәнін оқыту аясында іскерлік ойын барысында білім алушылар жобалық ойлауды дамытты, командада жұмыс істеу тәжірибесін игерді, алынған нәтижелерді дәлелдеу мен таныстыруды құруға үйренді, кәсіби коммуникация саласында білім алу және көпшілік алдында сөйлеу дағдылары орын алды.

Белгілі спортшыларды, спорт ұйым өкілдерін, журналистер мен қонақтарды тарта отырып, ұсынылған іскерлік ойындар олимпизм құндылықтарын насихаттауға және қазіргі олимпиадалық қозғалыс саласында студент жастардың білім деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өткен жөн. Жұмыстың бұл түрі Қазақстанда дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау оқу процесінде қолдануға кең мүмкіндіктерге ие және жастардың олимпиадалық қозғалысқа белсенді қатысуына ықпал етеді.

Университетте жүзеге асқан «дене шынықтыру және спорт» мамандарын сапалы даярлауда олимпиадалық білім беру жүйесі білім алушыларда әлеуметтік құндылықтарды, салауатты өмір салтын, шығармашылық дағдыларды жалпы теориялық олимпиадалық білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім берудің әрбір бағыттардың әрқайсысында – тәрбиелік, оқыту, сауықтыру және зерттеу білім алушылардың жалпы білімдік дайындығына сәйкес келетін өзіндік мазмұнына бөлінді. Білім беру процесін ұйымдастыру үшін бірнеше элементтен тұратын олимпиадалық білім беру құралдарының кешені қолданылды: «Олимпиадалық білім» курсы

оқу бағдарламасына қосу, олимпиадалық сөзжұмбақ, олимпиадалық викторина, олимпиадалық сөздік, 10 олимпиадалық сабақ, олимпиадалық шеберлік сыныптары, Олимпиада ойындарының ардагерлерімен, спортшыларымен кездесулер, олимпиада тақырыбындағы танымдық-ақпараттық кештер, рөлдік және зияткерлік ойындар, олимпиадалық мәселелер бойынша курстық және біліктілік жұмыстарын қорғау.

Біз ұсынған «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлауда олимпиадалық білім берудің дамыған жүйесінде бірден бірнеше құралдар тобы бар, олар келесі жалпы формада 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Олимпиадалық білім беру құралдары

Қазақстан Республикасында олимпиадалық білім беруді дамыту Ұлттық Олимпиадалық комитетінің және аймақтық олимпиадалық академиялардың қолдауымен білім берудің барлық деңгейлерінде жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттігі туындап отыр. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлауда олимпиадалық білімді негізгі және элективті пәндер аясында толыққанды енгізгенде ғана олимпиадалық білім мәселелері бойынша ғылыммен айналысады.

Бұл «Олимпиадалық білім беру» курсының түпкі мақсаты – студент санасында жалпыға бірдей ұйымдық-құқықтық нормаларға, рухани,

ұлттық құндылықтарға бағытталған заманауи қоғамның жарқын, көрнекі, өкілді, есте қалатын үлгісі ретіндегі олимпизмнің, олимпиадалық қозғалыстың және олимпиада ойындарының бейнесін, адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды қалыптастыру.

Олимпиадалық білім берудің нысандарын, құралдары мен әдістерін практикаға енгізу мақсаты білім алушылардың дене шынықтыру – спорттық сауаттылығын дамыту, жеке денсаулығын нығайту мен сақтаудағы дене шынықтырудың рөлі мен маңызын түсінуді қалыптастыру болып табылатын Олимпиада ойындары мен олимпиадалық қозғалыс батырлары туралы

баяндамалар мен рефераттар әзірлеу. Сонымен қатар, мұндай формалар адамның дене жетілуі туралы білім жүйесін игеруге мүмкіндік береді, дене шынықтыру, спорт және олимпиадалық қозғалыстың даму тарихы туралы білімді кеңейтуге және тереңдетуге қызығушылықты қалыптастыру үшін көмектеседі.

Олимпиада ойындарының, олимпиадалық қозғалыстың, спорт пен дене шынықтырудың тарихы туралы білімді бекіту мақсатында «дене шынықтыру және спорт» мамандары арасында өткізілген олимпиадалық викториналар, олимпиадалық сөздіктер, олимпиадалық сөз-жұмбақтар «Олимпиадалық білім беру» пәні саласының тарихи, жалпы мәдени және құндылық құрамдас бөлігін ескере отырып, білім алушылар тұлғасының зияткерлік және әлеуметтік дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Олимпиадалық білім беру құралдарының бірі ретінде белгіленген оқу материалдары арнайы білім беру пәнінен бастап олимпиадалық білім беру саласындағы жетекші ғалымдардың оқу құралдарына дейін білім беру нысандары болып табылады. Осы бағытта университет басылымында олимпиадалық білім негізін енгізуде спорт және білім беру саласында олимпизм құндылықтарының таралуына ықпал ететін «дене шынықтыру және спорт» мамандығына арналған «Олимпиадалық білім» оқу құралы жарық көрді. Бұл тақырыпта алғаш жарық көріп отырған бұл оқу құралы дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби даярлауда олимпиадалық білім беруді технологиялық қамтамасыз ету ретінде студенттерге жүйелі пайдалануға берілді. Сонымен бірге, «дене шынықтыру және спорт» мамандарының білім беру мекемелерінде олимпиадалық білім беруді жүзеге асыруға дайындауда «Олимпиадалық білім негіздері» атты Қазақстанда олимпиадалық

білім беруді дамыту бойынша сабақтан тыс іс-шаралардың әдістемелік әзірлемесі жасалды. Әдістемелік әзірлемеді ұсынылған олимпиадалық сабақтар, құралдары мен нысандары олимпиадалық білім беру бойынша жұмысты студенттер осы жұмыстың белсенді қатысушылары мен ұйымдастырушылары болатындай етіп құруға мүмкіндік беріп, бұл өз кезегінде олимпиадалық білім беруді практикада іске асыруға дайындық деңгейін арттыруға ықпал етті [6].

Қорытынды. Қазіргі уақытта «дене шынықтыру және спорт» мамандарын даярлауда олимпиадалық білім берудің біртұтас көп деңгейлі жүйесін ұйымдастыру негізді деп айтуға болады. Осылайша, олимпиадалық білім беру жүйесін құру құрылымдық тұрғыдан мүмкін және Қазақстанның барлық оқу орындарын қамтуға қабілетті, ал олимпиадалық білім беру құралдарын пайдалану өскелең ұрпақты шынайы олимпиадалық құндылықтар – құрмет, достық, кемелділікке ұмтылу рухында оқыту мен тәрбиелеудің нақты мүмкіндігін қалыптастырады.

Қазіргі уақытта болашақ «дене шынықтыру және спорт» мамандарына олимпиадалық білім беру іргетасын жүзеге асыру арқылы олимпиадалық білім беруді практикалық тұрғыда мектепке дейінгі, жалпы және жоғары білім беру деңгейінде жалғастыру арқылы біртұтас жүйесін құруға болады. Осылайша, елімізде олимпиадалық білімнің үш негізгі білім сатысына негізделген тәжірибесі қалыптасса, өскелең жас ұрпақтың олимпиадалық білім сауаттылығы артып, олимпиадалық білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыруға мүмкін болатынын ерекше атап өту керек. Бұл елімізде мектеп оқушылары арасында олимпиадалық білім беретін «дене шынықтыру және спорт» мамандарын дайындауға жоғары талаптар қояды.

Әдебиеттер

- 1 Бахтиярова С.Ж. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру негізі // Білім беру, дене мәдениеті және спорттағы инновациялар: Қазақ спорт және туризм академиясының 75 жылдық мерейтойына және жастар жылына орай ғалымдар мен мұғалімдердің Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. – Алматы: ҚазСТА, 12 сәуір 2019. – Б. 187-190.
- 2 Сохин Ю. Г. Олимпийская хартия как правовая основа функционирования МОК // Вестник РУДН. Серия: Юридические науки. – 2003. – №2. – С. 90-95.
- 3 Кыласов А.В. История олимпийского движения. – Новая версия: Учеб. пособие. – М.: Студия печати Павла Золотова, 2017. – 160 с.
- 4 Столяров В.И. Что такое олимпийская педагогика // Вестник Российского международного олимпийского университета. – 2019. – № 1. – С. 84-85.
- 5 Шарипов М.Ф. Олимпийское образование бакалавров физической культуры в контексте модернизации федерального государственного образовательного стандарта // Мир науки. – 2018. – Т. 6. – № 3. – 59 с.
- 6 Испулова Р.Н. Современное состояние подготовки специалистов по физической культуре и спорту в Республике Казахстан / Р. Н. Испулова, С. Ж. Бахтиярова // Физическая культура: современные тенденции, актуальные проблемы и

перспективы развития: Матер. Всероссийской науч.-практич. конф. с междун. участием, – Самара: ООО “Научно-технический центр”, 2019. – С. 74-79.

References

- 1 Bahtiyarova S.Zh. Dene shynuktyru zhәне sport mamandaryn dajyndauda olimpiadalyқ bilim beru negizi // Bilim beru, dene мәдениеті және sporttary innovaciyalar: Қазақ спорт және turizm akademiyasynuң 75-zhyldyқ merejtojyna zhәне zhastar zhylyna oraj ғалымдар мен мұғалімдердің Respublikalyқ ғылыми-тәжірибелік конфereciyasy materialdary. – Almaty: KazSTA, 12 säuir 2019. – B. 187-190.
- 2 Sohin Yu. G. Olimpijskaya hartiya kak pravovaya osnova funkcionirovaniya MOK // Vestnik RUDN. Seriya: Yuridicheskie nauki. – 2003. – №2. – S. 90-95.
- 3 Kylasov A.V. Istoriya olimpijskogo dvizheniya. – Novaya versiya: Ucheb. posobie. – M.: Studiya pechaty Pavla Zolotova, 2017. – 160 s.
- 4 Stolyarov V.I. Chto takoe olimpijskaya pedagogika // Vestnik Rossijskogo mezhdunarodnogo olimpijskogo universiteta. – 2019. – № 1. – С. 84-85.
- 5 Sharipov M.F. Olimpijskoe obrazovanie bakalavrov fizicheskoj kul’tury v kontekste modernizacii federal’nogo gosudarstvennogo obrazovatel’nogo standartar // Mir nauki. – 2018. – T. 6. – № 3. – 59 s.
- 6 Ispulova R.N. Sovremennoe sostoyanie podgotovki specialistov po fizicheskoj kul’ture i sportu v Respublike Kazahstan / R. N. Ispulova, S. Zh. Bahtiyarova // Fizicheskaya kul’tura: sovremennye tendencii, aktual’nye problemy i perspektivy razvitiya: Mater. Vserossijskoj nauch.-praktich.konf. s mezhdun. uchastiem, – Samara: ООО “Nauchno-tekhnicheskij centr”, 2019. – S. 74-79.

Автор для корреспонденции (первый автор)	Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна – старший преподаватель, магистр педагогических наук, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск, Казахстан.</p> <p>e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru ORCID ID: 0000-0002-4713-9021</p>	<p>Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна – аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан.</p> <p>e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru ORCID ID: 0000-0002-4713-9021</p>	<p>Bakhtiyarova Sayagul Zhaksybayevna – senior lecturer, master of Pedagogical Sciences, West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan. Uralsk, Kazakhstan</p> <p>e-mail: sayagul.bakhtiyarova@mail.ru ORCID ID: 0000-0002-4713-9021</p>